

Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 наурызда № 10390 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабы 1 тармағының 57) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 28 қаңтардағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.02.2021 № 58 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1 тармағының 57) тармақшасына сәйкес әзірленді және бейбіт уақытта азаматтық қорғау іс-шараларын орындау үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін (бұдан әрі – азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері) қолдану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларды жою;
- 2) жауынгерлік, жұмылдыру және саяси дайындықты ұйымдастыру;
- 3) төтенше жағдайлар аймақтарындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;
- 4) төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;
- 5) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қарауындағы басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету
- 6) төтенше жағдайлар аймақтарына, оның ішінде шет мемлекеттерге де жеткізілетін жүктерді тасымалдау, алып жүру және күзету;
- 7) жұмылдыра өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 8) оқу объектілерін, полигондарды әзірлікте ұстап тұру;
- 9) төтенше жағдай енгізілген және терроризмге қарсы операция жүргізілген кезде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерін, сондай-ақ азаматтық қорғау құралдарын қорғау;
- 10) төтенше жағдай енгізілген және терроризмге қарсы операция жүргізілген кезде күзетілетін қарауылдарға, объектілерге, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің, уәкілетті органның аумақтық органдарының, оның ведомстволарының, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының үй-жайлары мен құрылыс жайларына қарулы шабуылды тойтару.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде осы Қағидалардың 2 тармағының 2), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген міндеттерді орындау үшін арнайы мақсаттағы бөлімшелер құрылады.

Ескерту. 1-тарау 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері жүктелген міндеттеріне сәйкес:

1) зардап шеккендерді зақымдалған, жанып жатқан ғимараттар мен құрылыстардан, газдалған, су басқан және түтіндеген үй-жайлардан іздеу және алып шығу (шығарып алу);

2) зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету және оларды қауіпсіз аудандарға эвакуациялау;

3) адамдардың (зардап шеккендердің) өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін қажетті жағдай жасау;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағынан материалдық, мәдени құндылықтарды құтқару (эвакуациялау);

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде жедел штабтарды ақпараттық алмасудың барлық түрімен қамтамасыз ету;

6) азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарын енгізу бағыттарын жабдықтау;

7) бұзылу қаупі бар немесе авариялық-құтқару жұмыстарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретін ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларын нығайту немесе қирату;

8) коммуналдық-энергетикалық желілердің жекелеген учаскелерін қалпына келтіру;

9) бірінші кезекте қажет халықтың тіршілігі, аумақты санитариялық тазалау үшін мүліктерді жеткізу;

10) төтенше жағдайлар аймақтарында халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;

11) зақымдалған ғимараттар мен құрылыстарды оларда зардап шеккендерді уақытша орналастыру үшін және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге байланысты басқа да мақсаттар үшін ішінара қалпына келтіру;

12) төтенше жағдайлар аймағынан эвакуацияланған зардап шеккен халық (мүмкін босқындар) үшін лагерьлерді өрістету;

13) төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысу;

14) жауапты аймақтарда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

15) жауынгерлік, жұмылдыру және саяси даярлықты ұйымдастыру;

16) уәкілетті органның қарамағындағы азаматтық қорғаныс басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

17) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағына, оның ішінде шетелдік мемлекеттерге жеткізілетін гуманитарлық жүктерді тасымалдау;

18) жұмылдырып өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірлікке келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

19) азаматтық қорғаныс бойынша оқу объектілерін, полигондарды тұрақты әзірлікте ұстау;

20) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін, уәкілетті органның жедел резервін өрісету және авариялық-құтқару әрі кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған қару-жарақты, техниканы, материалдық-техникалық құралдарды жинақтау, сақтау және уақтылы жаңалау;

21) байланыс желілерін және басқа да маңызды байланыс инфрақұрылымының элементтерін қалпына келтіруге байланысты жекелеген міндеттерді орындауға қатысу;

22) қорғалған қосалқы командалық басқару пункттерін ұстау және оның жұмыс істеуі;

23) азаматтық қорғау мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттерін шешуге қатысу үшін қолданылады.

4. Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері күнделікті қызмет, жоғары әзірлік және төтенше жағдай режимдерінде жұмыс істейді.

5. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің жедел бағынысында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің (бұдан әрі – АҚжӘБК) төрағасы болады.

7. АҚжӘБК төрағасы азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысының қолбасшылығына немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жұмыстар басшысының қарамағына ауысуға тиісті өкім береді.

2-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің күнделікті қызмет режиміндегі жұмысы

8. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері күнделікті қызмет режимінде мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) жоспарларын әзірлеу;

2) жауынгерлік, жұмылдыру және саяси даярлықты, оның ішінде әскери бөлімдердің қызметін моральдық-психологиялық қамтамасыз етуге бағытталған идеологиялық жұмысты және арнайы насихатты ұйымдастыру;

3) қорғалған қосалқы командалық басқару пунктін күзетуді және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

4) азаматтық қорғаныс жөніндегі оқу объектілерін, полигондарды тұрақты әзірлікте ұстау;

5) уәкілетті органның жедел резервін ұстау және оған қызмет көрсету;

6) уәкілетті органның аумақтық органдарының байланыс тораптарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатыса отырып, мыналарды:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда келтірілетін зиян мен материалдық шығынды азайтуды қамтамасыз ететін жұмыстарды ;

2) құтқарушыларды авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге дайындауды жетілдіру бойынша авариялық-құтқару қызметтері және құралымдарымен бірлескен оқу-жаттығулар, жаттығулар, далалық шығулар мен сабақтар жүргізуге қатысуды жүзеге асырады.

3-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің жоғары әзірлік режиміндегі жұмысы

10. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері жоғары әзірлік режимінде мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) жоспарларын түзету;

2) қажет болған жағдайда басқару пункттеріне тәулік бойғы кезекшілік енгізу;

3) төтенше жағдайларды жоюға қатысатын күштер мен құралдарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) жоспарына сәйкес әзірлікке келтіру, ал қажет болған кезде (команда бойынша) ықтимал төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдарды жылжыту;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу туындаған жағдайда келтірілетін зиян мен шығынның мөлшерін азайту бойынша жедел шараларды қабылдауға қатысу, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда объектілердің тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін арттыруға қатысу;

5) егер бұрын толтырылмаған болса, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ТЖМ) жедел резервін толтыру;

6) қажет болған жағдайда эвакуациялық іс-шараларды жүргізу;

4-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің төтенше жағдай режиміндегі жұмысы

11. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері төтенше жағдай режимінде мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қолданысқа енгізу (іске асыру, орындау) және оларды түзету;

2) төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, жұмыстардың ахуалы және оны жүргізу барысы туралы ақпарат жинау, талдау және алмасу;

3) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысу.

12. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізеді және:

1) төтенше жағдай аймақтарында және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу объектілерінде зардап шеккендерді іздеуді;

2) зардап шеккендерді қоршаудан шығаруды және өмірін сақтап қалуға жағдай жасай отырып, оларды қоршауда қалған жерлерден қауіпсіз аудандарға эвакуациялауды;

3) зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді;

4) материалдық және мәдени құндылықтарды құтқару бойынша әрекет етуді;

5) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды;

6) арнайы және қосымша жұмыстарды орындауды: үйінділерге өтетін жолдарды (өтпелерді) салуды, коммуналдық-энергетикалық желілердегі аварияларды оқшаулауды, құлау қаупі бар және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретін ғимараттар мен үйінді элементтерінің конструкцияларын құлатуды немесе нығайтуды, бұзылған ғимараттардың үйінділеріндегі өрттерді сөндіруді; жұмыс орындары мен алаңдарын жарықтандыруды, қауіпті аймақтарды, жұмыс орындарын және алаңдарды қоршауды;

7) төтенше жағдайлардың салдарын жоюды, аймақтарын оқшаулауды жүзеге асырады;

5-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін төтенше жағдайлардың туындау қатері кезінде басқару

13. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қатері, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі жұмысының жоғары әзірлік режимін енгізу кезінде, АҚЖӘБК төрағасы азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне жедел басқаруды жүзеге асырады.

14. Қазақстан Республикасы жетекшілік ететін төтенше жағдайлар вице-министрінің (бұдан әрі – жетекшілік ететін вице-министр) өкімдерін жеткізу ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісі арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Бөлініс командирі ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісі арқылы орындалған іс-шаралар туралы АҚжӘБК төрағасына күн сайын баяндайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін төтенше жағдай туындаған кезде басқару

16. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі жұмысының жоғары әзірлік режимін енгізу кезінде одан әрі Министрге баянат енгізе отырып, АҚжӘБК төрағасы азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне қолбасшылықты жүзеге асырады.

17. Баянатта төтенше жағдайдың және оның аймағының түрлері, азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің немесе оның жедел бағынысқа ауысқан жекелеген бөлімшелерінің атауы, жеке құрам мен техниканың саны, олардың міндеттері көрсетіледі.

18. Жетекшілік ететін ТЖМ вице-министрінің тиісті өкімдерін жеткізу ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісі арқылы өткізіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері төтенше жағдай аймағында төтенше жағдайларды жою басшысының жедел бағынысына және оның шешімімен құрылған жедел штабқа келіп түседі.

20. Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері жеке құрамының қызмет режимі мен жұмыс күнінің ұзақтығын, оларды жүргізу ерекшеліктерін, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормаларды ескере отырып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы белгілейді.

21. Бөлініс командирі ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісі арқылы орындалған іс-шаралар туралы АҚжӘБК төрағасына күн сайын баяндайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуін бақылауды АҚЖӘБК жүргізеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану тәртібі

Ескерту. Қағидалар 7-тараумен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.08.2025 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Төтенше жағдай туындау қаупі төнген немесе туындаған кезде ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісі, сонымен қатар уәкілетті органның аумақтық органдарының кезекші ауысымдары келіп түскен мәліметтерді (хабарлама, баянат, дабыл) тіркейді және олардың бастапқы тіркеуін жүзеге асырады. Қауіп қатері расталған жағдайда, уәкілетті органның кезекші қызметкерлері азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін әзірлікке келтіру қажеттілігі туралы тікелей хабар береді және бір мезгілде ақпаратты ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығына жолдайды.

24. Уәкілетті органның аумақтық органдары келіп түскен мәліметтерге талдау жасап, ден қою үшін төтенше жағдайдың сипаты мен ауқымын, ықтимал зардап шеккендердің санын, күштердің және құралдарының көлемін анықтайды. Қорытынды баяндама ары қарай жетекшілік ететін вице-министрге баяндау үшін ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығына жіберіледі.

25. ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының жедел кезекшісінің баяндамасы негізінде жетекшілік ететін вице-министр азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін тарту туралы шешім қабылдайды, міндеттерін, жеке құрам санын, техника құрамын, іс-шараның орны мен мерзімін нақтылайды.

26. Жетекшілік ететін вице-министрдің өкімін алған соң азаматтық қорғаныс әскери бөлімдер қолбасшылығы бөлініс командирлеріне міндеттерді жеткізеді, жауынгерлік есептер қалыптастырады, күштер мен құралдарды бөледі, жеке құрамның нұсқама алуын және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын ұйымдастырады, төтенше жағдайлар ауданына жылжиды, басқару тіректерін орналастырып, ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығымен, АҚЖӘБК-мен және жергілікті атқарушы органдарымен байланысты қамтамасыз етеді.

27. Өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану туралы шешімді АҚЖӘБК төрағасы кейіннен жетекшілік ететін вице-министрге баяндай отырып қабылдайды.

